

бойынша көмір қолданысына шектеу жоқ. Макроскопиялық көмір тығыз массалы, бірақ оңай шытынайды және шашылады. Өндіру кезінде класс шығымы 25 мм кем емес. Көмірді тасымалдау және сақтау 35-40% ға дейін жетуі мүмкін. Қияқты көмірінің қайта ұсақталуға және тотығуға бейім болуы (үйме түрінде шығарылып тастауы және атмосфераға зиянды газдарды таратуында) қоршаған ортаға үлкен әсерін тигізеді.

Қияқты кен орнынан жылына 300 мың тонна көмір алынады және шартқа сәйкес емес кластың шығу мөлшері 25 мм 30% кем, мұндай көмірдің жылдық шығымы 105 мың тоннаны құрайды. Оны орналастыру үшін биіктігі 10 м, ауданы 12-15 мың м² үйме қажет. Мұндай үйме бетінің ауданы 14-18 мың м² алады.

Айта кетерлік жайт, қоңыр көмірлердің үстіңгі тотыққан бөлігі төмен жылу бергіштік қасиетіне ие, сол себепті оларды үймеге тастайды, ал ол аймақтың экологиялық жағдайын төмендетеді [56].

Өндіріс технологиясын өңдеу және өнімнің тәжірибелік партиясын шығару үшін [57] келесідей сипаттағы Қияқты кен орнының үстіңгі қабаттағы көмірі қолданылды (кесте 6,7).

Кесте 6 – Қияқты кен орны көмірінің физика-химиялық сипаттамалары

Сипаттамалары	Белгіленуі	Өлшем бірлігі	Мөлшері
Аналитикалық үлгінің ылғалдылығы	W^a	%	15,5
Құрғақ күйдегі орташа күлділік	A^a	%	21
Құрғақ күйдегі ұшқыш заттар	V^{daf}	%	41,2
Құрғақ күлсіз күйдегі көміртек	C^{daf}	%	74,5
Құрғақ күйдегі сутек	H^{daf}	%	4,1
Құрғақ күлсіз күйдегі оттек	O^{daf}	%	19,3
Құрғақ күлсіз күйдегі азот	N^{daf}	%	0,8
Құрғақ отынға шаққандағы жалпы күкірт	S^{daf}	%	0,9
Құрғақ отынға шаққандағы жалпы фосфор	P^{daf}	%	0,1
Құрғақ отынға шаққандағы жалпы хлор	Cl^{daf}	%	0,3
Төменгі жану жылуы	Q^r	МДж/кг	14,6
Құрғақ күлсіз күйдегі жоғары жану жылуы	Q^{daf}	МДж/кг	27,6÷28,4